

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 тамыздағы N 710 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**

Е Т Е Д І :

1. "Steinway&Sons", "Yamaha" фирмалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" мемлекеттік мекемесі үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды (музыкалық аспаптарды) беруші б о л ы п б е л г і л е н с і н .

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғалармен тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қ а ғ и д а т ы н с а қ т а у д ы ;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі